

Жақсы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 6С-21-6 "Жақсы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 7С-24-5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 сәуірде № 27440 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жақсы аудандық мәслихатының "Жақсы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау Әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 16 наурыздағы № 6С-21-6 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6514 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жақсы аудандық мәслихатының хатшысы

Д.Пшембаева